

## Астықты сақтау және қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9443 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астықты сақтау және қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Егіншілік департаменті (А.А. Буць), қайта өңдеу және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті (А.Б. Құсайынова) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова \_\_\_\_\_

2014 жылғы 7 сәуір

## **Астықты сақтау және қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Астықты сақтау және қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарын белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбектің нақты түрін орындауда кәсіби дайындығының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – КС еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер жіктеушісі 03 – 2007: 10.61 Ұн тартушы-жарма өндірісінің өнімдірін өндіру.

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астықтың сапасын қамтамасыз ету, халықтың азық-түлікке қажеттілігін қанағаттандыру.

КС астықты сақтау мен өңдеу кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары осы саланың төмендегі қызмет түрлеріне және кәсіптеріне қатысты:

диірменші;

астықты өңдейтін аппаратшы;

ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы;

силосшы;

элеваторды басқару құрылғысының операторы;

дәндерді және тұқымдарды салқындатушы.

## **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары** **1-параграф. Диірменші**

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

10. Лауазымның мүмкін атаулары: диірменші.

11. "Диірменші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: астықты өңдеу процесін жүргізу.

12. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

13. Диірменшінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

14. Еңбек функцияларын айқындайтын, диірменші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

15. Диірменші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

16. Диірменшінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

## **2-параграф. Астықты өңдейтін аппаратшы**

17. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

18. Лауазымның мүмкін атаулары: астықты өңдейтін аппаратшы.

19. "Астықты өңдейтін аппаратшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: астықты тазалау технологиялық процестерді жүргізу.

20. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

21. Астықты өңдейтін аппаратшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

22. Еңбек функцияларын айқындайтын, астықты өңдейтін аппаратшы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

23. Диірменші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4 кестесінде көрсетілген.

24. Диірменшінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

## **3-параграф. Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы**

25. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

26. Лауазымның мүмкін атаулары: ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы.

27. "Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: астық тазалайтын машиналарының жұмысын қадағалау мен қызмет көрсету.

28. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

29. Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген

30. Еңбек функцияларын айқындайтын, ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген

31. Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

32. Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

#### **4-параграф. Силосшы**

33. СБШ бойынша біліктілік деңгейі– 1-3.

34. Лауазымның мүмкін атаулары: силосшы.

35. "Силосшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ұнды, астықты және басқа шикізат қабылдау мен өңдеу, силостарға сорттарына, ылғылдығына, ластығына және басқа да сапалық көрсеткіштерін қарай бөлу.

36. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

37. Силосшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

38. Еңбек функцияларын айқындайтын, силосшы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

39. Силосшы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

40. Силосшының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

#### **5-параграф. Элеваторды басқару құрылғысының операторы**

41. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

42. Лауазымның мүмкін атаулары: элеваторды басқару құрылғысының операторы.

43. "Элеваторды басқару құрылғысының операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: астықты қабылдау технологиялық маршруттарын элеватордың басқару пульті теру арқылы технологиялық процестерді басқару.

44. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

45. Элеваторды басқару құрылғысының операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

46. Еңбек функцияларын айқындайтын, элеваторды басқару құрылғысының операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген

47. Элеваторды басқару құрылғысының операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

48. Элеваторды басқару құрылғысының операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

## **6-параграф. Дәндерді және тұқымдарды салқындатушы**

49. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

50. Лауазымның мүмкін атаулары: дәндерді және тұқымдарды салқындатушы

51. "Дәндерді және тұқымдарды салқындатушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: астықты ылғалдату процесін жүргізу және салқындату.

53. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

54. Дәндерді және тұқымдарды салқындатушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

55. Еңбек функцияларын айқындайтын, дәндерді және тұқымдарды салқындатушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

56. Дәндерді және тұқымдарды салқындатушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

57. Дәндерді және тұқымдарды салқындатушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5, 6-кестесінде көрсетілген.

## **4. КС әзірлеушілері**

58. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

59. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 8-қосымшасында көрсетілген.

## Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы үрдістерін есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Астықты сақтау мен өңдеу	Диірменші	Диірменші	3
2.	Астықты сақтау мен өңдеу	Астықты өңдейтін аппаратшы	Астықты өңдейтін аппаратшы	2-4
3.	Астықты сақтау мен өңдеу	Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы	Ұн тарту өндірісіндегі аппаратшы	2-4
4.	Астықты сақтау мен өңдеу	Силосшы	Силосшы	1-3
5.	Астықты сақтау мен өңдеу	Элеваторды басқару құрылғысының операторы	Элеваторды басқару құрылғысының операторы	3
6.	Астықты сақтау мен өңдеу	Дәндерді және тұқымдарды салқындатушы	Дәндерді және тұқымдарды салқындатушы	2-3

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8273 Диірменші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	Шығарылым 51, бөлім 15. Элеваторлы, ұн тартушы-жармалы және комбикормды өндіріс
БТБА бойынша кәсібі	Диірменші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4

### 2-кесте. Диірменшінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

	Қоймалар, астық қоймалар, астық мекемелер, зауыт, фабрика, диірмен, элеваторлар, комбикорм зауыттар және
--	--



Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	басқа мекемелер, астықты өңдеу мен қайта өңдеу ғимараттары мен құрылыстар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда (білім беру ұйымының базасында бір жылдық кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық	Талап етілмейді

### 3-кесте. Диірменші орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Диірмендерде астық дақылдарын тарту; астық өнімдерін тартуға дайындық операцияларын атқару; астықты берілген ұсақтау жүйесіне қарай тартуға біркелкі беру; салмағын өлшеу, ұнды орау мен тасымалдау; қызмет көрсетіліп жатқан жабдық мен коммуникациялардың ақауларын анықтау мен жою
2	Өнімділігі тәулігіне 50 тоннаға дейін вальцты диірмендерде және барлық тасы бар диірмендерде астық өнімдерін тартуға дайындық операциясын және азық түлік пен жем шөп дақылдарын (астықтық және басқа) тарту процесін жүргізу: астықты коспалардан тазарту, астық бетін тазарту, астықты гидротермиялық өңдеу, тарту коспасын дайындау, астықты берілген ұсақтау жүйесіне қарай тартуға біркелкі және үздіксіз беру, (тарту өнімдерінің ірілігіне қарай), аралық және ақырлық өнімнің сапасы
3	Ұнды өлшеу, орау мен тасымалдау, жұмыс жазықтығының қатарластығын, жоғарғы және төменгі ұсатқыш тастарды, вальцтерді, жүргіргіштердің дұрыс орнықтығын, құрсаулардың орныққан жазықтығын, қозғалыстың және өнімділіктің жылдамдығын әр түрлі жабдықтармен реттеу, жерндерді ою мен соғу, диірмен тасын орнату мен реттеу; дайын өнім мен шикізат есебінің бекітілген құжатнамасын жүргізу; қызмет көрсетіліп жатқан жабдық мен коммуникациялардың ақауларын анықтау мен жою

### 4-кесте. Диірменші орындайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Астық дақылдары, астық,	Диірмен, жабдық, коммуникациялар	1-1) Астық өнімдерін тартуға дайындау операцияларын атқару; астықты берілген ұсақтау жүйесіне қарай тартуға біркелкі беру
2	Астық өнімдері	Бақылау құралдары, диірменшіге керекті құралдар, диірмен, ж а б д ы қ, коммуникациялар, компьютер, принтер	2-1) Қызмет көрсетіліп жатқан жабдық мен коммуникациялардың ақауларын анықтау мен жою; цех, белсенді желдету және түрлі модификациядағы кептіргіш қоймалардың, және дайын өнімдердің, өнімдерді тиеу қоймаларының жұмысын қадағалау

3	Диірмен тасы	Таразы, орау материалдары, диірмен, жабдық, коммуникациялар	3-1) Жұмыс жазықтығының қатарластығын әр түрлі жабдықтармен реттеу, жоғарғы және төменгі ұсатқыш тастарды, жүгіргіштердің дұрыс орнықтығын, диірмен құрсаулардың орныққын жазықтығын реттеу
---	--------------	---	---

**5-кесте. СБШ біліктіліктің 3- деңгейлі диірменшінің құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Диірменшінің функционалды міндеттерінің шеңберіндегі жауапкершілік, керекті ресурстарды бағалау, астықты сақтау мен өңдеу саласында бекітілген нәтижелерге өздігінен жету үшін керекті уақытты анықтай білу	Практикалық міндеттерді шешу біліктілігі, дәндер мен астықтың барлық түрін тазалау процесінің контекстінде біліктілік	Астықты тартуға, ұнды тартуға, елеуге дайындау процесі кезіндегі материалдары мен еңбек қызметінің өнімдеріне қараудың талаптары мен тәртіптерін, ұсататын, елейтін, астықты тазалайтын және көмекші жабдықтардың принциптер мен құрылымын білу, азық түлік дақылдарының ұн тарту қасиеттері
2-1)	Диірменшінің функционалды міндеттерінің шеңберіндегі жауапкершілік, керекті ресурстарды бағалау, астықты сақтау мен өңдеу саласында бекітілген нәтижелерге өздігінен жету үшін керекті уақытты бағалау	Практикалық міндеттерді шешу біліктілігі, өздігінен жоспарлау контекстінде біліктілік, және оның нәтижесінде дәндерді беру еңбек процесін атқару мен бағалау	Дайын өнім мен шикізатқа бақылау мен техникалық шарттар өткізу рәсімін, жабдықтың нәтижелі жұмыс істеуін білу қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу
3-1)	Жұмыс процестерінің қатарлығының түрлі құралдар арқылы реттеу шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасы үшін жауапкершілік	Нұсқамамен берілген алгоритммен әрекет тәсілін таңдау және жұмыс жағдайына байланысты әрекетті дұрыстау	Негізгі және қарапайым құралдарды, жабдықты, жұмыс үдерістерінің рәсімдерін білу

Астықты сақтау және қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

**1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8273 Астықты өңдейтін аппаратшы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	Шығарылым 51, бөлім 15. Элеваторлы, ұн тартушы-жармалы және комбикормды өндіріс
БТБА бойынша кәсібі	Астықты өңдейтін аппаратшы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3-5

## 2-кесте. Астықты өңдейтін аппаратшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Қоймалар, астық қоймалар, астық мекемелер, зауыт, фабрика, диермен, элеваторлар, комбикорм зауыттар және басқа мекемелер, астықты өңдеу мен қайта өңдеу ғимараттары мен құрылыстар
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары условия труда		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Жалпы орта білім бар болған жағдайда, бірақ негізгі орта білімнен төмен емес (білім беру ұйымының базасында қысқа мерзімді курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда (білім беру ұйымының базасында бір жылдық кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық	2-деңгейде 1 жылдан кем емес
4	Жоғарланған деңгейде техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3-деңгейде 3 жылдан кем емес

## 3-кесте. Астықты өңдейтін аппаратшы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Е н б е к функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жабдықта кіріктіріме магнитті тосқауылдары пайдалану арқылы аулау (шығару) жолымен астықта металмагнитті қоспалардан тазалау процесін жүргізу, астықты қабылдау, ауыстыру, тазалау, кептіру және, оның сапасын ескере отырып, жоғарырақ деңгейдегі аппаратшының бақылауымен астықты силостарға бөлу немесе келесі өңдеуге жіберу, тасымалдаушылардың, триерлердің, күрделі астық тазалаушы, астық сорттаушы агрегат машиналарын, қозғалмалы, камерлі, шахтты кептіргіштердің, калибрлейтін машиналардың және басқа да қызмет көрсетуші жабдықтардың жұмысын қадағалау, оның ремонттында қатысу
2	Астық кептірушінің ішінде жанармайдың жағылу процесін жүргізу, магнитті қондырғыларға, желдеткіштерге, циклондарға қызмет көрсету, қарау мен бақылау жүргізу, тасымалдағыштардың, қарапайым тазартқыш машинлар мен кептіргіштердің ремонтты мен қызмет көрсетуінде қатысу, силостардың дұрыс толтыруын қадағалау, металдан тазаруға түскен астықтың қалыңдығы мен жылдамдығын қадағалау, магнитті қорғау қондырғысы мен металды жинаушыны тазалау, шахтты астық кептіргіштерге және көмекші қызмет көрсетіліп жатқан жабдыққа қызмет көрсету, реттеу, қадағалау мен бақылау жүргізу, астық кептіргіштердің жұмыс тәртібін, кептіргіштерде астықтың қозғалысын, кептіргіш агентінің мөлшері мен температурасын, кептіргіш камераларын

	қызу температурасын және салқындатқыш камералардың кептірілген астықты реттеу; қызмет көрсетіліп жатқан жабдықта жану, тарту мен температуралық режимді реттеу
3	Лабораторияға металмагнитті және басқа да қоспаларды жинау мен тапсыру, аспирационды және басқа да өздігінен ағымды коммуникациялардың және жабдықтың астық мен қоқыс қалдықтарынан тазалау, өңделіп жатқан дақылды ауыстыру кезінде шахталарды, жағу жерлерді, астық кептіргіштердің форсункаларын, астық кептіргіштерді, сепараторларды және басқа да жабдықты уақытында тазалау, бақылауға алған кезде көмек көрсету, қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты қосу мен сөндіру, майда ақауларды жоюда қатыс, силовстарды, элеваторларды және де газацияның басқа да объектілерін дайындауға қатысу, жабдық пен жұмыс зонасын тазалау, газды-рециркуляциянды, рециркуляциянды-изотермиялық астық кептіргіштерде және астықты алдын ала жылытумен жабдықталған астық кептіргіштерде азық-түліктік, тарылған және дәнделес мақсатты астық пен дәндердің әр түрлі түрін өңдеу (кептіру) технологиялық процесін ұйымдастыру мен жүргізу

#### 4-кесте. Астықты өңдейтін аппаратшы орындайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Астық, металломагнитті қоспалар	Қолғап, халат, астықкептіргіш, желдеткіш, магнитті қондырғылар, силос, аспирационды, өздігінен ағымды коммуникациялар, жабдық, шахта, пеш, астық кептіргіштердің форсункалары	1-1) Астық кептірушінің ішінде жанармайдың жағылу процесін жүргізу, циклондардың, желдеткіштердің және магнитті қондырғылардың жұмысына бақылау, қарау мен қызмет көрсету, тасымалдаушылардың жұмысына қызмет көрсету мен бақылауына қатысу
2	Өңделіп жатқан дақыл	Техника, машиналар, астық кептіргіштер, сепараторлар, гайкалар, жұмыс құралдары, ыдыс, силос, жабдық	2-1) Астық кептірушінің ішінде жанармайдың жағылу процесін жүргізу, жұмысты бақылау мен реттеу 2-2) Астық кептірушінің жұмыс тәртібін, кептіргіштерде астықтың қозғалысын мен кептіргіш агентінің мөлшері мен температурасын бақылау
3	Астық, қалдықтар, металломагнитті қоспалар	Қолғап, жұмыс киімі аспирационды, өздігінен ағымды коммуникациялар, жабдық, шахта, пеш, астық кептіргіштердің форсункалары	3-1) Лабораторияға металмагнитті және басқа да қоспаларды жинау мен тапсыру 3-2) Жабдық пен жұмыс зонасын тазалау, түрлі астық пен дәндердің дақылдарын өңдеу (кептіру) технологиялық процесін ұйымдастыру мен жүргізу

#### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 2- деңгейлі астықты өңдейтін аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер

1-1)	Транспортердің, астық кептіргіштердің, желдеткіштердің жұмысын қадағалауды, жұмыс процесін жоспарлауды қамтитын атқарушы қызметті түсіну	Астық кептірушінің ішінде жанармайдың жағылу процесін жүргізіп, тікелей басшылықтың қоластында және (немесе) өздігінен негізгі практикалық және танымдық біліктілігін қолдану арқылы стандартты біртекті практикалық мәселелерді шешу	Дәнді өңдеу кезінде негізгі және қарапайым құралдарды, жабдықты, жұмыс процестерінің білу
------	--	---	---

**6-кесте. СБШ біліктіліктің 3- деңгейлі астықты өңдейтін аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Астықты өңдейтін аппаратшысының функционалдық міндеттер шеңберінде жауапкершілік пен керекті ресурстарды, анықтау мен бағалау, астық кептіргішпен, сепаратормен, қызмет көрсетіліп жатқан жабдықпен және элеватормен жұмыс істеу барысында қойылған нәтижелерге жету үшін уақытты бағалау	Астықты өңдейтін аппаратшысының (салмақ өлшеуші, кептіруші) жұмысындағы практикалық тәжірибесіне мен біліміне сүйене отырып әрекет тәсілін таңдау қабілеті	Дақыл мен астық сапасы жайында, астықты металмагнитті қоспалардан тазалау жайында білім
2-2)	Жұмыс процесін өздігінен жоспарлауды қамтитын атқарушы қызмет; кәсіби қызметті жақсарту үшін идеяларды ұсыну және нормалардан ауытқып кеткен кезде, кептіргіш агентінің температуралық режимін баптаудағы ұсақ ақауларды жою	Өндірістік жағдайларда әрекетті дұрстау, өзін бағалау, өзіндік ұйымдастыру қабілетін көрсету	Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында білім; жұмыс зонасын жинау кезінде, силостарды, элеваторларды және жабдықты жинау білімі

**7-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі астықты өңдейтін аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
3-1)	Астықты өңдейтін басқа аппаратшылардың жұмысын басқару және олардың әрекеттерінің нәтижесіне жауапкершілік. Жұмыстың жалпы жоспарына негізделіп соған сәйкес салмақ өлшеушілердің, астық кептірушілердің қысқа мерзімді жоспарын жасау, басқа жұмысшыларға нұсқау бере алады және оларды басқара алады; өзінің еңбегі мен астықты өңдеудің арасындағы маңыздылығын ескереді	Тасымалдаушылардың құралдарын, триерлерді, калибрлеу машиналарын, улағышты, барабанды кептіргішті, фильтрлерді, аспирационды қондырғылардың желдеткіштерін, және басқада күрделілігі ұқсас қызмет көрсетіліп жатқан жабдықпен қолдану біліктілігі	Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында білім
			Астықты өңдеу аппаратшысының

